

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Аққулы ауданының білім беру бөлімінің
«Жаңатан негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша
(аралық) мониторинг
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ
2022-2023 оқу жылы**

Топ/сынып: Мектепалды сыныбы
Балалардың жасы: 5 жас
Тәрбиеші: Сетербай А.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы
мазмұнын меңгеру бойынша (аралық) мониторинг
бойынша талдамалық анықтамасы
2022-2023 оқу жылы**

Жас топ/сынып:	Мектепалды
Мониторинг кезеңі:	Аралық (қаңтар)
Бала саны:	3 бала Ұлдар – 2 Қыздар - 1
Тәрбиешілер Т.А.Ә.	Сетербай А.

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми әдістемелік кеңесінде қаралып, 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» негізінде 2022-2023 оқу жылының қаңтар айында аралық мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жүргізуде біз:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттары
- құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру бойынша білімізді пысықтап алдық.

Қаңтар айында өткізілген бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша төмендегі көрсеткіштер шықты:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

I деңгей – жоғары	32%
II деңгей – орташа	78%
III деңгей – төмен	0%

Аралық мониторинг нәтижесі бойынша жоғары деңгейді 1 бала құрады. (Санжар)

Ол балалардың физикалық дағдылары дамыған, жүруде тепе-теңдікті сақтайды; ойындарға қызығушылық танытады, ережелерін сақтауға тырысады; Шынықтыру түрлерін, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын орындауға тырысады;

Орта деңгейлі балалар саны 2-; (Данеля, Сұлтан) қимылды ойындарды қызығып ойнайды; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; екеуден, үшеуден қатарға қайта тұрады; шынықтыру түрлерін, жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

I деңгей – жоғары	26%
II деңгей – орташа	74%
III деңгей – төмен	0%

Коммуникативтік дағды бойынша жоғары деңгейлі – 1 бала анықталды. (Данеля)

жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін айтады, сұрақтарға толық жауап қатпайды. Байланыстырып сөйлеуі төмен деңгейді. Өз ойын еркін жеткізе алмайды; таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айта алмайды, жетелеуші сұрақтар арқылы жекелеген сөздермен ғана жауап береді. Қазақшай сөйлеу тілдері төмен, орысша сөйлеуге бейім;

Орташа деңгейлі 2 бала анықталды. - (Сұлтан, Санжар) қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады; такпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтуға тырысады; кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.

Танымдық-зияткерлік дағдыларды қалыптастыру

I деңгей – жоғары	18%
II деңгей – орташа	82%
III деңгей – төмен	0%

Танымдық - зияткерлік дағды бойынша орташа деңгейлі –2 бала анықталды. (Санжар, Сұлтан) .

бала анықталды. Олар 10 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; берілген бағытта қозғалады;

Жоғары деңгейді – 1 бала құрады. . (Данеля) Олар 10 көлемінде санай алады, сандардың таңбасын таниды; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді, тәулік бөліктерін атайды.

Төмен деңгейдегі бала саны анықталмады.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

I деңгей – жоғары	24%
II деңгей – орташа	76%
III деңгей – төмен	0%

"Шығармашылық" дағды бойынша төмен деңгей көрсеткен – 1 бала анықталды. . (Сұлтан) техникасының бастапқы дағдыларына ие; заттарды мүсіндеуге қызығады; Алайда, тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыру кезінде қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай алмайды; Мүсіндеу барысында бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуде қиындық туғызады, ұжымдық құрылыс жасауға аса қатыспайды;

Орта және жоғары деңгей көрсеткен балалар –2 бала анықталды.(Данеля, Санжар) .

сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; Заттарды мүсіндеуге қызығады; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; елім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; құрастыруды қызығушылықпен орындайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

I деңгей – жоғары	24%
II деңгей – орташа	76%
III деңгей – төмен	0%

Әлеуметтік-эмоционалды дағды бойынша төмен деңгейлі балалар. Ол балалардың сөйлеу тілдері төмен деңгейде дамыған. (Санжар) Ол балалар өзінің туған жерін біледі. отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады; Алайда, жабайы аңдарды атауларын шатастырады, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуін төмен деңгейде біледі; жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыра алмайды. Өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым әдістерін түсінуге тырысады; қарапайым тәжірибеге қызығушылық пен әуестік танытпайды;

Орта және жоғары деңгейлі балалар . (Сұлтан, Данеля.) .

- отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі; еңбек етуге қызығушылық танытады; тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады; бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді; ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектеседі; кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындайды; табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтайды.

Қорытынды: Бастапқы мониторинг нәтижесінде балалардың білім деңгейі 56% құраса, аралық мониторингте бұл көрсеткіш 20%-ға дейін артты. Аралық мониторинг нәтижесінде балалардың білім деңгейі 76% құрады. Бұл өсім жеке дара жұмыста қолданылған ойын әдістерінің тиімділігін көрсетеді, қызығушылығын арттырып, білімді меңгеру процесін жеңілдетті. Жеке дара жұмыстың нәтижесінде әрбір бала өз деңгейіне сәйкес білім алып, белсенділік танытты. Ойын арқылы оқыту әдісі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға, өз бетінше ойлау дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Балалардың даму карталары көрсеткіштеріне сай толтырылды. Даму карталары негізінде жеке жұмыстар жоспарланып отыр. Психолог маманмен бірлесе жоспарлар құрылды.